

УДК 75.023.12

Түсіпбекова Ш.М., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің аға оқытушысы

МАЙЛЫ БОЯУДЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАР ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация: Значение владения техникой маслом для студентов. Актуальность работы маслом для будущих специалистов. Использование масла в декоре интерьера.

Abstract: The value of oil mastery of the technique to the students. Actuality oil for future specialists. Using oil in interior decoration .

«Дизайн» өнері үрдісінде, студенттердің кәсіби біліктілігін арттыруда кескіндеменің, оның ішінде майлы бояудың алар орны зор. Сонымен қатар майлы бояудың сурет салу шеберлігін меңгеруде атқарар рөлі мен тигізер әсері мол. ЖОО-да «Дизайн» мамандығындағы сурет пен кескіндеме сабақтарына өз деңгейінде мән берілмеуі және сағаттың қысқарылуы салдарынан, кескіндеме және басқада сабақтардың деңгейі төмендеуіне, студенттердің ойлау қабілеттері мен шығармашылық белсенділіктерінің бәсеңдеуіне ықпалын тигізеді сөзсіз анық. Болашақ дизайнерлер үшін 3-ші курста майлы бояумен салу сабағын қосатын болса білім алушылардың кескіндеме мен сурет бойынша базалық білімдерінің нәтижесі ойдағыдай көрсеткіш берер еді. Осы өнерге баулитын сабақ түрін яғни ЖОО-ның бағдарламасында көбірек берілгенін қалар едік. Өйткені болашақ дизайнерлер үшін әсіресе сәулеттік дизайн мамандығында оқитын студенттерге майлы бояумен жұмыс жасау өте қажет.

Кескіндеме – шындықты бейнелеуде көрерменге тікелей әсер ететін өнер құралы, оның ішінде майлы бояумен салуды айта кетер едім. Майлы бояу - тұрмыста және бейнелеу өнерінде қолданылатын бояу түрі. Пайдаланылатын майлы бояулар өсімдік майларының (көндір, зығыр, жаңғақ, самырсын) қоспасынан алынады. Өсімдік майынан алынған майлы бояулар өте ажарлы болады және тез құрғайды. Оған кейде лак қосады. Майлы бояумен жазылған өнер туындылары ұзақ уақыт бойы өз сапасын жоғалтпайды. Майлы бояу алғашқы рет X ғасырда шыққан, бірақ ол кезде ешкім пайдаланбаған. Оның кеңінен дәстүрге енуі XV ғасырда өмір сүрген Нидерланд суретшілері ағалы-інілі Ван-Эйктердің атымен тығыз байланысты. Еуропада Қайта өрлеу дәуірінің суретшілері (Рафаэль Санти, Леонардо да Винчи, Сандро Боттичелли, т.б.) көптеген шығармаларын майлы бояумен салған.

Сондай-ақ қазақ суретшілері: Ә.Қастеев, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, К.Телжанов, С.Айтбаев, Е.Төлепбаев, А. Ғалымбаева, С. Романов, А. Дузелханов майлы бояуды кеңінен пайдаланып, ұлттық туындылар жасады. Қазір суретшілердің көбі майлы бояуларды пайдаланады, ал бір кездері ол адамзатқа белгісіз болатын. Майлы бояумен жұмыс істеу үшін сондай-ақ әртүрлі қылқаламдар және де қалақша (мастихин) өте қажет болады. Қалақша - холостан да, палитрадан да қажетсіз бояуларды алып тастай алады. Майлы бояуларда мұндай байланыстырғыш заттар әдетте зығыр, кейде жаңғақ немесе көкнәр майы болып табылады.

Акварель бояуымен жұмыс жасағанда ақ түсті бояу мүлде пайдаланылмайды. Ақ бояуды өзіне жағылған бояудың арасында ағарып көрінетін ақ қағаз түсі ауыстырады. Ал қажетті түстік өңді бояуларды алдын ала палитра бетінде араластыру арқылы да, алуға болады. Мейлінше ақшыл көрінетін әсер туғызу үшін, мысалы, ең жарық нүктелерде қағаздың тиісті жері мүлде боялмайды немесе аздап қана боялады. Мұндайда шығарманың түстік шешімін табуға көмектесетін бояу ретінде ақ қағаздың өзі пайдаланылады.

Майлы бояумен суреттерге түс берудің ерекшелігі – жартылай кепкен бояу үстіне жаңа бояу жағу арқылы жұмысты одан ары жалғастыра беруге болады, яғни кенеп бетіне жағылған бояуларды жаңа түскен күйінде дымқыл кезінде өзгертуге немесе суретті бірнеше күнге қалдырып, оны кептіріп алып, қатайған бояу қабатының үстімен жалғастыруға болады. Алғашқы боямалау бір түсті бояумен, мысалы, охрамен жасалынады. Суретті бояламағанда сұйылту үшін майдың, лак пен скипидардың қоспасы алынады. Олардың арақатынасы тәжірибеге қарай белгіленеді. Жалпы ақ түсті бояуды есептемегенде, үш бояудан артық араластырмаған жөн. Барлық кезде жарықтануы бойынша көлеңкені көлеңкелермен, жартылай өңді жартылай өңдермен, ашық өңді ашық өңдермен салыстырып отырған абзал. Боямалар кепкен кезде, оны тағы да маймен сүртеді де, суретті бірден жазуға болады. Жалпы бейнелеу өнерінде кез-келген суретті кезеңге бөліп салады. Жалпы кезеңдер 4 кезеңнен тұрады:

1-кезең: Алынған тақырып бойынша қағаз бетіне дұрыс орналастыру және үйлесімділігін нақты көрсету. Жалпы көмекші сызықтармен және ішкі көріністерін салыстырмалы түрде жазу;

2-кезең: Әрбір заттың кіші заттан үлкен заттарға қарай, құрылымына назар аударып, кеңістікте өзара қатынасын табу. Қағаз бетіне эскизімізді нақтылап 3-кезеңге көшіру;

3-кезең: Әрбір заттың өзіндік өңі, жарық пен көлеңкесі пайда болады. Жалпылама бұл жұмысты жарық пен көлеңке арқылы анықтап, түстік заңдылықтарын дұрыс орналастыру;

4-кезең: Бұл кезең бейнеленген заттарды толықтай анықтау кезеңі. Орындалған заттардың өзара өңі мен жарық көлеңкесін табу. Әрбір көлеңке өзгеру (көшу) арқылы жұмыс жасалуы керек. Ең маңызды көлеңке “түспе көлеңке” болады. Әрбір затты қағаз бетіне көрсету үшін, жарық түскен артқы фонын көлеңкелеу арқылы көрсетеміз. Әрбір заттың өңін бір-бірімен шағылысу арқылы реңдік қатынасты көрсетеміз.

Кескіндеме әр түрлі түсті бояулар арқылы қоршаған ортаның өмір шындығын әсем әрі жарқын етіп бейнелейді. Бұл өнер түріне қатты қағазды, ағашты, әйнекті, металды, тіпті қабырғаны да қолдануға болады. Басқа өнерлердің арасында кескіндеме суретшінің қырағы көзі шалғанның бәрін мейлінше толық бере алады.

Кескіндеме - көрерменнің ойы мен сезіміне жағымды әсер ететін, жазықтық бетінде бояу арқылы жасалатын көркем шығарма. Көптеген кескіндеме шығармалары тарихи құжаттық хабарларға негізделген. Кескіндеме қабылдау үшін оның мәнерлеу тілін түсініп, ұғынып білу өте қажет. Тақырыптың мазмұнын терең ұғынған тәсілдерін меңгеру шығармашылық ізденуге тікелей әсер етеді. Кескіндеме өзінің орындалу техникасына қарай әдіс-тәсілдеріне байланысты акварель, гуашь, майлы бояу, т.б. бірнеше топқа бөлінеді.

Бейнелеу өнері тілін анығырақ білу суретшінің сол бейнелеуші құралдары мен қолдануын қажет етеді. Кескіндеме өнері-бейнелеуші өнер. Кескіндеме, керісінше өмір туындысын нақты әрі толық, көрнекті етіп бейнелейді. Өмірдің шындығын дәл беру-өнер тіліне тән емес, өмір шындығын көркемдік-шартты тіл арқылы жеткізе алады.

Акварель - суға тез еритін түссіз желімдерге жұғыстырылатын сулы бояу. Ол сумен араластырылып, қағаз бетіне жағылады. Акварель бояуының негізгі ерекшелігі - аса мөлдірлігі. Гуашь-бояудың бір түрі. Оны да акварель сияқты қағазға тигізбес бұрын әуелі суға езіп алу керек. Гуашьтың ерекшелігі акварельдей емес, қағаз бетіне мөлдіреп түспейді, қалың жағылады.

Майлы бояулар-арнайы кенеп материалға жағылатын қою бояулар. Өсімдік майы, жаңғақ зығыр және әртүрлі лактың қосындысынан тұратын бояу. Басқа майларды майлы бояуға пайдаланбайды, себебі: кепкен кезде қатты қабық пайда болады. Майлы бояумен жұмыс істеудің ерекшелігі жартылай дымқыл, жартылай кепкен бояу бетімен жұмысты жалғастыруға болмайды, яғни картинаны бірнеше күнге қалдырып, оны кептіріп алып, бояу қабатының үстімен салуды жалғастыруға болады. Міне басты ерекшеліктері осындай. Білім алушыларды қоғамның назарына әлеуметтік мәселелерге және оларды шешу жолдарын іздеуге тарту үшін, қазіргі заманда өнерді пайдалана отырып, өзінің әлеуетін қоғамның игілігіне пайдалануға ынталандыру. Өнердің көркемдік кейіпкерлеріне дүние танымның қандай идеялары, сезімдері мен ұстанымдары жүзеге асырылатынын түсінуге бағытталған ұмытылмас, әсіресе дәуірлер тоғысында, мәдениет кезеңдері алмасар сәттер ерекше орын алады.

Кескіндеменің мақсаты:

- болашақ дизайнерлерді кескіндеме әдісімен жұмыс жасау тәсілдерінің түрін үйрету;
- заман талабына сай жасалу жолдарын жаңарту, үлкен көрмелерге өз ыңғайынша әдемілеп суреттерін орындап көрсету. Кескіндеме әдісінде бояу түстерінің әдемі болып көрінуі - әртүрлі жағу тәсілдерін қолдану білім алушыларды қызықтырады;
- қабілеті дамыған жан-жақты, өрісі биік азаматтарды тәрбиелеу.

Міндеті:

- кескіндемеде білім алушыларға теориялық түсінік бере отырып, суретті шапшаң салып, шеберлігін арттыру;
- кескіндеме өнеріне деген ой-өрісін, танымын, есте сақтау, елестету қабілетін дамыту;
- кескіндеме әрбір түсіне, әсемдігіне, сұлулығына тәрбиелеп, бейнелеу өнеріне баулу;
- білім алушыларды кескіндеменің әр жанрына үйрету.

Мазмұны:

Кескіндеме-бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі толысқан түрі, онда бейнелеудің сан алуан мол құралдарды қолданады. Білім алушылар өнердің ұшы-қиырсыз осы саласынан көбіне өздері сүйген әуендер мен тақырыптарды таңдап алады. Бейнелеу өнері жанрларға бөлінеді. Негізгі өнерде жанрлар 4 кезеңнен тұрады.

1. Тарихи жанр
2. Батылдық жанр
3. Маринистік жанр
4. Анималистік жанр.

Бейнелеу өнерінің былай сипатталуы жанрларға бөлінуі деп аталады.

Тарихи жанр - белгілі бір оқиғалар мен тарихи кезеңдермен бейнеленген көркем шығарма.

Батылдық жанр - соғыс уақиғалары бейнеленген көркем шығарма.

Маринист жанры - теңіз, көл сияқты табиғат көрінісін бейнелейтін шығарма.

Анималистік жанр – жан - жануарларды бейнелейтін көркем шығарма.

Кескіндеме мынандай жанрларға бөлінеді:

- натюрморт
- пейзаж
- портрет
- тақырыптық картина.

Пейзаж - «Paysage» деген француз сөзінен шыққан - бұл ландшафтты, табиғатты бейнелеу. пейзаж дербес жанр ретінде, Қытайда, Жапонияда және басқа шығыс елдерінде (VII-X ғасырларда) Европадағыдан ертерек қалыптасты.

Европалық кескіндемеде ол XVII ғасырда, алдымен Италияда пайда болды, содан кейін Голландияда ерекше жоғары дамыды. Қайсы бір жерлерді жай айнытпай бейнелей салу емес, онда суретшілердің сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр (1,2-суреттер).

Портрет-бұл жанр басқалардан бұрын пайда болды. Үш мың жылдан астам уақыт бұрын жасалған скульптуралық Египет портреттері, екі мың жыл бұрынғы мозикалық Рим және темпералық фаюм портреттері белгілі. Үлкен шебердің шабытты қолымен жазылған әрбір портрет шынында рухтанғандай болады, портретке түсірілгенбет әлпетте ой, қайғы-күйініш, қуаныш, күрделі және кейде қиын бүкіл өмір жолының көрінісі жатады.



Сурет 1. Жазғы пейзаж



Сурет 2. Күзгі пейзаж

Қазақ кескіндемешісі, театр және кино суретшісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері Г.М. Ысмайылованы білмейтін адам жоқ. Біз үшін ол кісінің жұмыстары үлгі және өте қымбат. (3-сурет).



Сурет 3. Г.М. Ысмайылова. Автопортрет

Тақырыптық картина - өмірді, адамдардың өзара қарым-қатынастарын көрсететін қандай да бір шын мәніндегі немесе қиял-ғажайып көріністі бейнелейтін картинаны осылай атайды.

Натюрморт-өнердің дербес жанры ретінде XVII ғасырда Голландияда және көрші Финляндияда туындап, кеңінен дамыды. Натюрморт бізге онда бейнеленген заттарды пайдаланған адамдардың өмірін суретшінің оларға деген көзқарасын ашып береді (4,5-суреттер).



Сурет 4. «Гүл шоғы мен жемістер» натюрморт

Майлы бояумен салынған сурет, сөзсіз, интерьерді көркемдеудің талғамды да нәзік түрі. Оның үстіне, интерьердің мұндай бұйымы біртұтас тарихқа да айналуы мүмкін.

Сурет - безендірудің ескіrmес элементі, ол сән ағымы, тренд және бағыт деген түсініктен бөлек, дербес түрде әрқашан да тиімді болып қала бермек.



Сурет 5. «Жеміс-жидектерден құралған» натюрморт

Білім алушыларымыздың дайын жұмысын көрмелерден көруіңізге сонымен қатар олардың өздерінің қойған бағаларына сатып ала аласыз. Сондай-ақ білім алушылар арнайы сіздің қалауыңыз бойынша кез-келген жанрдағы суретті салып бере алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Эуеской жас суретшілер мен мүсіншілерге. А.С.Шипанов. Алматы мектебі, 1998.
2. Рисунок и живопись: Учеб. пособие Кирцер Ю.М., 2005.
3. Красочные материалы живописи., Киплик Д.И.– М.: СВАРОГ и К, 1998.
4. Рисунок. Наброски и зарисовки: учебное пособие., Кузин. В.С. М.: Академия, 2004.
5. Натюрморт. Кескіндеме альбомдары. 2006 ж.
6. Суреттер интернеттен алынды.

УДК 82.3

Туякбаева С.Б., магистр, ст. преподаватель Кокшетауского университета
им. А.Мырзахметова

Жортушинова А.К., магистр, ст. преподаватель Кокшетауского университета
им. А.Мырзахметова

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИМЕНЕНИЯ КОМПЛЕКСА МОДЕФИЦИРОВАННОГО ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ КАРТЫ КАК СРЕДСТВА УСПЕШНОГО УСВОЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Аннотация: Освоение проективной деятельности преподавателями иностранных языков каждым годом все больше приобретает в настоящее время первостепенное значение и выводит их на новый уровень педагогического и методического мышления. Эта работа предполагает формирование у педагога меж дисциплинарных технологического видения, методического новаторства, инновационные информационные походы при процессе обучения в соответствии с предметным содержанием учебной дисциплины. Одним из главных объектов проектирования учебного процесса является модифицированная технологическая карта академика В. М. Монахова доктором философии PhD Жаныс Арай Бошанқызы, как проект учебного процесса в границах не только одной учебной темы. Она позволяет по-новому построить и планировать образовательный процесс в целом.

Ключевые слова: Модифицированная технологическая карта, конструируемый процесс, методические особенности, комплексный подход, специфические особенности, эффективность, дидактико-методические умения, инновационные и рефлексивно-аналитические умения.

Abstract: Development of designing activity of teachers of foreign languages every year becoming more and more are now of paramount importance, and leads them to a new level of pedagogical and methodological thinking. This work involves the formation of a teacher between disciplinary technological visions, methodological innovation, innovative information